**Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына сәйкес туристік және рекреациялық мақсатта жер телімдерін пайдалануға беру жөніндегі тенде рлік комиссия отырысының**

**№74 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы** **17 қаңтар 2025 жыл**

Комиссия төрағасы: М.Айтимбетов – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің бас директорының орынбасары

Комиссия төрағасының орынбасары: А.Тажиева – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің ТРЭА бөлімінің меңгерушісі

Комиссия мүшелері:

С.Оспанова – Түркістан облысы ТР және ТПРБ-ның орман бөлімінің бас маманы;

А.Төребеков – Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы, сәулеттік жобаларды дайындау мен мемлекеттік қызметтерді көрсету бас маманы;

Ж.Мустақимова – Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы, жер кадастры және жерге орналастыру бөлімінің басшысы;

Б.Мауленова – Түркістан облысының туризм басқармасы, туризмді дамыту және туристік жобаларды жүзеге асыру бөлімінің басшысы;

Ж.Сүйінбай – «Жайылма» қоғамдық бірлестігінің төрағасы;

Ғ.Назарбек – Республикалық «Байтақ» болашақ экологиялық алянысының президенті;

Н.Ахылбеков – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің заңгер-кеңесшісі;

Комиссия хатшысы: Е.Ералы – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің Туризм менеджері;

**Өңірлік табиғи паркінің №28 лоты бойынша Түркістан филиалы Отырар орманшылығы №4 орамының №16 телімдегі жер көлемі 9,3 га учаскені ұзақ мерзімге пайдалануға беру туралы**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия хатшысы Е.Ералы «Сырдария-Түркістан МӨТП» КММ-нің Түркістан филиалындағы Отырар орманшылығының №4 орамының №16 телиміндегі жер көлемі 9,3 га учаскені ұзақ мерзімге пайдалануға өтініш беруші Түркістан облысы, Отырар ауданы, Көксарай ауылы Жангелді елді-мекені, Жұлдыз көшесі «Жұлдыз» ШҚ-ның тапсырған құжаттармен тендерлік Қағидаға сәйкес комиссия мүшелерінің танысқанын хабарлады. Комисиия төрағасы М.Айтимбетов комиссия мүшелеріне өз пікірлерін айтуды және ашық дауысқа салуды ұсынды.

Бұдан кейін сөз сөйлеген комиссия мүшелері Н.Ахылбеков. Б.Мауленова, Ж.Мустакимова, Ж.Сүйінбай, А.Төребеков, С.Оспанова, Ғ.Назарбек құжаттармен танысқанын «Жұлдыз» ШҚ-ның №28 лот бойынша жалғыз талапкер екенін, оның конкурстық ұсыныстары, құжаттары Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 5 наурыздағы №73 бұйрығымен бекітілген Қағида талаптарына сайкес келмейтіндігі анықталды. «Жұлдыз» ШҚ құжаттардан тек жеке көулік пен жазбаша өтініші қана өткізген. Сол себепті қатысушының учаскені туристік, рекреациялық мақсатта пайдалануға материалдық-техникалық мүмкіндіктерінің жоқ екендігін атап көрсетіп, ашық дауысқа салынды. Комиссия мүшелері тарпынан бір ауыздан қарсы дауыс берілді.

Пікір алысуда «Жұлдыз» ШҚ-ның конкурсқа қойылған №28 лоттағы жер көлемі 9,3 га учаске туристік және рекреациялық мақсатта ұзақ мерзімге пайдалануға берілмейтіні айтылды. Басқа ұсыныстар түскен жоқ.

**Комиссия шешім етті:**

1. «Жұлдыз» ШҚ конкурстан өтпеді деп саналсын«Жұлдыз» ШҚ.
2. Қағидада белгіленген тәртіптерге сәйкес №28 лот бойынша конкурсқа қойылған жер көлемі 9,3 га учаске келесі тендерге шығарылсын.

М.Айтимбетов

А.Тажиева

С.Оспанова

А.Төребеков

Ж.Мустакимова

Б.Мауленова

Ж.Сүйінбай

Ғ.Назарбек

Н.Ахылбеков

Е.Ералы